Статистика

Нәрестелердің шетінеуі кеміген, дегенмен...

Жыл басындағы көрсеткіш бойынша облыс халқының саны 2148,7 мың адамды құрады. Нақтылай айтсақ, қалаларда – 545,3 мың адам, ауылдарда 1603,4 мың адам тұрады. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда облыстағы халық саны 5,4 мың адамға немесе 0,3%-ға кеміген.



Халықтың табиғи өсіміне келер болсақ, өткен жылы облыс халқы 2024 жылмен салыстырғанда 15,5%-ға кеміген. Табиғи өсімнің жалпы коэффициенті 1000 адамға шаққанда 17,13-ті құрады.

Өткен жылы облыста 47158 нәресте дүниеге келді. Бұл алдыңғы жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 12,4%-ға кем. Тарқатып айтсақ, былтыр 24 229 ұл бала және 22 929 қыз бала дүниеге келді. Бұл – 1000 қыз балаға 1057 ұл баладан келеді деген сөз! Туудың жалпы коэффициенті 1000 адамға шаққанда 21,92-ні құрайды.

Былтыр 10 304 адам қайтыс болды. Бұл 2024 жылға қарағанда 1,3%-ға көп. Жалпы, өлгендер санының 56,9%-ы немесе 5860-ы ер адамдар. Өлім-жітімнің жалпы коэффициенті 1000 адамға шаққанда 4,79-дан келеді.

Қайтыс болғандардың басым көпшілігі қан айналымы жүйесі аурулары салдарынан дүниеден өткен. Оған барлық тіркелген өлім оқиғаларының 22,3%-ы тиесілі, жүйке жүйесі ауруларынан – 11,5%, ми қантамырларының зақымдануынан – 11,1%, жазатайым жағдайдан, уланудан және жарақаттанудан – 8,1%, жаңа өскіндерден 8,1% қайтыс болды.

2025 жылы облыс бойынша 1 жасқа дейінгі 325 сәби шетінеді. Бұл 2024 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 18,5%-ға кем. Бала өлімі 1000 тірі туғандарға шаққанда 6,89-ды құрады. Оның ең көп тараған себептері – перинаталдық кезеңде пайда болатын жағдайлар, одан 2025 жылы 113 нәресте шетінеген немесе ол 1 жасқа дейінгі барлық өлімнің 34,8%-ы.

Көші-қон мәселесіне келер болсақ, өткен жылы облысқа тұрғылықты тұруға келгендердің саны 68 472 адамды (облыс ішіндегі көші-қонды есепке алмағанда), кеткендердің саны 110 709 адамды құрады, көші-қонның айырымы 42 237 адам (теріс) болды. 2024 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда иммигранттардың саны 7 322 адамға немесе 12%-ға өсті, эммигрантардың саны 18 083 адамға немесе 19,5%-ға өсті.

ТМД елдерінен ең көп иммигранттар ағыны Өзбекстаннан (84,6%) және Ресейден (10,4%) болды, ал, 52,6% кеткендер – Ресейге қоныс аударғандар.

Жансая САДЫРБАЕВА,
ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Түркістан облысы бойынша департаментінің әлеуметтік және демографиялық статистика басқармасының бас маманы.

Мемлекеттік тіл

Сөз бен іс үйлессе...

«ҚР Тіл туралы» Заңының 13-бабында «Қазақстан Республикасында сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал, қажет болған жағдайда сот ісін жүргізуде орыс тілі немесе басқа тілдер мемлекеттік тілмен қатар қолданылады» делінген. Десек те, әлі де болса соттарда іс жүргізу көбінесе өзге тілде өтетіні рас. Оның себебі АІЖК-нің 14-бабына сәйкес сот ісін жүргізу тілі сотқа талап-арыз берілген тілге қарай сот ұйғарымымен белгіленеді. Яғни талап-арыз қай тілде берілсе, іс сол тілде жүргізіледі. Ал, іс жүргізу тілін білмейтін немесе жақсы білмейтін қатысушы адамдар сотта аудармашының қызметін тегін пайдалана алады.

Шымкент қалалық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында мемлекеттік тіл мәселесі толықтай шешімін тапты деп сеніммен айтуға болады. Мәселен, біздің сотта құжат айналымы көбіне мемлекеттік тілде жүргізіледі. Сонымен қатар әрбір сот маманынан мемлекеттік тілді жетік білу талап етіледі.

Ендеше, тоқсан рулы елдің дауын тоғыз ауыз сөзбен түйіндеген ата-бабаларымыздың дәстүріне сай мемлекеттік тілге басымдық беріп, жүйелі сөйлей білсек, бұл бәрімізге де абырой. Ең бастысы, тіліміздің мәртебесі көтеріліп, заман талабына сай жан-жақты дами беретіні анық.

Әйгерім ХУСАИНОВА,
Шымкент қалалық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының бас маманы.

Жеке кәсіпкерді немесе заңды тұлғаны әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізуге өтініштерді қабылдау туралы хабарландыру

Жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға өзін тізілімге енгізу мақсатында Түркістан облысының кәсіпкерлік және сауда басқармасына арнаулы комиссияның қарауына https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-kasipkerlik?lang=ru ресми сайтында орналастырылған құжаттарды ұсынады.

Өтініш пен құжаттарды жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға қағаз түрінде немесе электрондық жеткізгіштерді пайдалана отырып және (немесе) 2-қосымшаға сәйкес бекітілген *(https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-kasipkerlik?lang=ru* көрсетілген), басшы не оны алмастыратын адам қол қоятын және жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның мөрімен (бар болса) бекемделетін нысан бойынша хабарландыруда көрсетілген мекенжай бойынша жеке өзі, пошта, электрондық пошта арқылы немесе өзінің өкілетті өкілі арқылы береді. Өтініште және құжаттарда қамтылатын мәліметтер олар берілген күнгі жағдай бойынша жарамды болуға тиіс.

Өтінім берілетін орын: Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Әкімшілік-іскерлік орталығы, «Басқармалар үйі» ғимараты, 4-қабат, кабинет №438.

Электрондық пошта мекенжайы: dkb_uko@mail.ru;

Байланыс телефоны: 8 (725-33) 5-97-79;

Құжаттарды ұсыну мерзімі: 2026 жылдың 1 наурызынан 15 наурызына дейінгі жұмыс күндері сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін (жергілікті уақыт);

Осы хабарландырумен және құжаттамамен https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-kasipkerlik?lang=ru сайтта танысуға болады.

Жолаушылар мен багажды ауданішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы хабарландыру

1. Созақ ауданы әкімі аппараты 2026 жылдың 29 наурыз күні сағат 16:00-де Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Жібек жолы, №16 үй, «Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-де жолаушылар мен багажды автомобильмен ауданішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурс өткізетіні туралы хабарлайды.

2. Конкурсқа мынадай маршруттардың пакеттері (маршруттар) шығарылады:

Лот №1 «Шолаққорған–Аққолтық–Жартытөбе–Бабата–Жартытөбе–Аққолтық–Шолаққорған» **Лот №2** «Шолаққорған–Таукент–Шолаққорған» **Лот №3** «Шолаққорған–Балдыс–Қарабұлақ–Балдысу–Шолаққорған» **Лот №4** «Шолаққорған–Қозмолдақ–Басбұлақ–Сызған–Басбұлақ–Қозмолдақ–Шолаққорған» **Лот №5** «Шолаққорған–Жуантөбе–Тасты–Шу–Тасты–Жуантөбе–Шолаққорған»	**Лот №8** Шолаққорған–Ыбырай–Қыземшек–Ыбырай–Шолаққорған **Лот №9** Шолаққорған–Созақ–Қарақұр–Қаратау (Бақырлы)–Ақсүмбе–Тайқоңыр–Ақсүмбе–Қаратау (Бақырлы)–Қарақұр–Созақ–Шолаққорған **Лот №6** «Шолаққорған–Абай–Шолаққорған» **Лот №7** «Шолаққорған–Қызылкөл–Құмкент–Қызылкөл–Шолаққорған»

3. Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдары бар жеке және заңды тұлғалар қатысады.

4. Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер конкурстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаша өтінімді Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16 үй, 4-қабат, 406-бөлме, «Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-не ұсынуы тиіс (эл. адрес: turginy@bk.ru)

Шолаққорған–Аққолтық–Жартытөбе–Бабата–Жартытөбе–Аққолтық–Шолаққорған, Шолаққорған–Ыбырай–Қыземшек–Ыбырай–Шолаққорған, Шолаққорған–Жуантөбе–Тасты–Шу–Тасты–Жуантөбе–Шолаққорған, Шолаққорған–Созақ–Қарақұр–Қаратау (Бақырлы)–Ақсүмбе–Тайқоңыр–Ақсүмбе–Қаратау (Бақырлы)–Қарақұр–Созақ–Шолаққорған, Шолаққорған–Қызылкөл–Құмкент–Қызылкөл–Шолаққорған бағыттарын мемлекет тарапынан субсидиялау жүргізілетін болады.

5. Конкурстық құжаттарды алуға және конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі 2026 жылдың 20 наурыз күні сағат 19:00-ге дейін.

6. Анықтама алу үшін жұмыс телефоны: 8 702 038 14 94.

Объявление о проведении конкурса на право обслуживания маршрутов регулярных внутрирайонных автомобильных перевозок пассажиров и багажа

1.Аппарат акима Сузакского района объявляет о проведении конкурса на право обслуживания маршрутов регулярных внутрирайонных автомобильных перевозок пассажиров и багажа, который состоится 29 марта 2026 года в 16:00 по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, село Шолаккорган, улица Жибек жолы, №16, ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог акимата Сузакского района».

2. На конкурс выставляются следующие пакеты маршрутов (маршруты):

Лот №1 «Шолаққорған–Аққолтық–Жартытөбе–Бабата–Жартытөбе–Аққолтық–Шолаққорған» **Лот №2** «Шолаққорған–Таукент–Шолаққорған» **Лот №3** «Шолаққорған–Балдысу–Қарабұлақ–Балдысу–Шолаққорған» **Лот №4** «Шолаққорған–Қозмолдақ–Басбұлақ–Сызған–Басбұлақ–Қозмолдақ–Шолаққорған» **Лот №5** «Шолаққорған–Жуантөбе–Тасты–Шу–Тасты–Жуантөбе–Шолаққорған»	**Лот №8** Шолаққорған–Ыбырай–Қыземшек–Ыбырай–Шолаққорған **Лот №9** Шолаққорған–Созақ–Қарақұр–Қаратау (Бақырлы)–Ақсүмбе–Тайқоңыр–Ақсүмбе–Қаратау (Бақырлы)–Қарақұр–Созақ–Шолаққорған **Лот №6** «Шолаққорған–Абай–Шолаққорған» **Лот №7** «Шолаққорған–Қызылкөл–Құмкент–Қызылкөл–Шолаққорған»

3. В конкурсе принимают участие любые физические и юридические лица независимо от формы собственности, владеющие автотранспортными средствами на праве собственности или иных законных основаниях.

4. Для участия в конкурсе необходимо представить письменную заявку на получение комплекта конкурсных документов в ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог акимата Сузакского района» по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, село Шолаккорган, ул.Жибек жолы, №16, 4-этаж 406-каб (эл адрес: turginy@bk.ru)

5. Окончательный срок приема заявок на получение конкурсных документов и приема заявок на участие в конкурсе до 19:00 часов 20 марта 2026 года.

6. За справками обращаться по телефону: 8 702 038 14 94.

Ауыр салмақты жүк автокөліктері тасымалдаушыларының назарына!

Шымкент қаласы бойынша көліктік бақылау инспекциясы 2026 жылдың 1 наурызынан 1 сәуірге дейін және 23 наурыздан 1 мамырға дейін «Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 5 шілдедегі №492 бұйрығына сәйкес «**Жолдарда көлік құралдарының жүрісін тоқтату немесе уақытша шектеу қағидаларын бекіту туралы»** автокөлік құралдарының жалпы рұқсат етілетін массасы және біліктерге түсетін жүктеменің 20%-ға төмендетілетінін хабарлайды.

Көктемгі кезеңде жүрісті уақытша шектеудің қолданылу мерзімдері

2026 жылдың 23 наурызынан бастап 1 мамырына дейін мына облыстарда шектеу енгізіледі:

1) Абай облысы;
2) Ақмола облысы;
3) Ақтөбе облысы;
4) Батыс Қазақстан облысы;
5) Қарағанды облысы;
6) Қостанай облысы;
7) Павлодар облысы;
8) Солтүстік Қазақстан облысы;
9) Шығыс Қазақстан облысы.

2026 жылдың 1 наурызынан 1 сәуірге дейін мына облыстарда шектеу енгізіледі:

1) Алматы облысы;
2) Атырау облысы;
3) Жамбыл облысы;
4) Жетісу облысы;
5) Қызылорда облысы;
6) Маңғыстау облысы;
7) Түркістан облысы;
8) Ұлытау облысы.

Шымкент қаласы бойынша КБИ, телефондары: 40-42-22, 40-42-17.

К сведению автомобильных перевозчиков!

Инспекция транспортного контроля по городу Шымкент уведомляет, что в соответствие с приказом Министра Индустрии и инфраструктурного развития РК от 05 июля 2023 года № 492 «**Об утверждении Правил прекращения или временного ограничения движения транспортных средств по дорогам»** допустимая общая масса автотранспортных средств и осевых нагрузок определяется путем снижения на 20 % от допустимой параметров автотранспортных средств.

Сроки ежегодного действия временных ограничений движения в весенний период

Ограничения вводятся с 23 марта по 1 мая соответствующего года в следующих областях:

1) Область Абай;
2) Акмолинская область;
3) Актюбинская область;
4) Восточно-Казахстанская область;
5) Западно-Казахстанская область;
6) Карагандинская область;
7) Костанайская область;
8) Павлодарская область;
9) Северо-Казахстанская область;

2. Ограничения вводятся с 1 марта по 1 апреля соответствующего года в следующих областях:

1) Алматинская область;
2) Атырауская область;
3) Жамбылская область;
4) Область Жетісу;
5) Кызылординская область;
6) Мангистауская область;
7) Туркестанская область;
8) Область Ұлытау.

ИТК по г.Шымкент, телефоны: 40-42-22, 40-42-17.

Жұмысын тоқтатады

«MEGA OIL TRADE» ЖШС (БИН: 181140012400, ҚР, Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Түркістан ш/а, 5-үй, 1-пәтер) өз жұмысын тоқтататыны туралы хабарлайды.

Мұрагерлік ашылды

Қайтыс болу туралы анықтама негізінде марқұм Мусаева Алия Набихановнаның дүние-мүлкіне (28.08.2025 жылы қайтыс болды, қайтыс болу туралы актілерді тіркеу кітабында 29.08.2025 жылы №20-782-25-0000745 санымен тіркелді) Шымкент қаласы, Асар-2 шағынауданы, 12 Б ғимаратта орналасқан нотариус Нурлыбаева Айнур Нуриддиновнада мұрагерлік ашылды.